





## Аграрная политика: механизм реализации

тұрғындардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мақсатындағы өндіріс сферасының материалдық ағындарын басқаруға бағытталған, практикалық маңызы зор ғылым саласы. Аграрлық секторды дамыту мақсатында агрологистиканы жүйелі түрде қолдану бойынша орыс ғалымдарымен көптеген зерттеулер жүргізілген. Онда агрологистиканы материалдық-техникалық жабдықтау, тауар тасымалы, немесе тасымалданған тауарларды сақтау қоймасы ретінде қарастырылған. Ол зерттеулерде агроөнеркәсіп кешенінің логистикасы – ауыл шаруашылығын қажетті материалдық ресурстармен қамтамасыз етумен қатар, ұлттық экономиканың тұрақты дамуын және тұрғындардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мақсатындағы өндіріс сферасының материалдық ағындарын басқаруға бағытталған, практикалық маңызы зор ғылым ретінде түсіндіреді [4,5].

Сол себепті, Қазақстандағы агрологистикалық орталықтардың жұмысын заманауи

талаптарға сәйкес нығайту және қоғамдық талаптарға сәйкес еліміздің белгілі бір аймақтарында агрологистикалық орталықтарды құру қажет деп есептейміз. Себебі, Қазақстан әлемдік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосып отырған мемлекеттердің бірі. Сонымен қатар, бидай өндірісі мен экспорты бойынша әлемдегі жетекші орынға ие. Халықаралық бағалау бойынша 2016-2017 жж. елімізде дәнді дақылдар өндірісі 18,5 млн. тоннаға бағаланған. Еліміздегі агроөнеркәсіп кешенінің осындай зор мүмкіндігіне қарамастан, Қазақстанда бұл саланың дамуы өте баяу. Осының салдарынан АӨК саласында бірқатар өзекті проблемалар орын алып отыр, атап айтқанда:

Бірінші мәселе, өндірістің басқа салаларымен салыстырғандағы АӨК саласының даму қарқынының төмен деңгейі. Статистикалық мәліметтер бойынша ЖІӨ-гі ауыл шаруашылығы саласының үлесі біршама төмен екендігін көруге болады (1 сурет).



Сурет 1- ҚР ЖІӨ-гі ауыл шаруашылығының үлесі, % Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының рейтинг агенттігі АҚ-ның ресми сайты. Қолжетімділік тәртібі: [www.rfcaratings.kz](http://www.rfcaratings.kz)

1-суреттен көріп отырғанымыздай, ЖІӨ-гі ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемінде айтарлықтай өзгерістер болмаған және оның орташа шамасы қарастырылған кезеңдерде 7% құрайды. Сонымен қатар, мемлекетіміздің жалпы экспорттағы ауыл шаруашылығы өнімдері көлемінің соңғы жылдары бірқалыпты тұрақты дамып отырғанын көреміз. 2010-2015 жж. аралығында жалпы экспорттағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі орта есеппен 17,4% құраған. 2015-жылы 2014 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттағы үлесі 9% өскен. Бұл көрсеткіш ҚР-ның ДСҰ-кіру мақсатында жасалған іс-шаралардың нәтижесі [6].

Екінші мәселе, отандық азық-түлік өнімдерін өндіру көлемінің алыс-жақын шетелдермен салыстырғанда біршама төмен деңгейі. Бұл жағдай Қазақстанның басқа елдердің экономикасына тәуелді болуына әкелетін бірден-бір фактор. Тұтыну өнімдерінің, әсіресе, азық-түлік өнімдерін өндіру көлемінің тұтыну көлеміне қарағанда әлдеқайда аз болуы, импорт көлемінің экспорт көлемінен жоғары болуы, ішкі нарықтың отандық азық-түлік өнімдері бойынша шетелдік нарықтарға әлі де болса тәуелді екендігін көрсетеді. Бұл жағдайға 1-кестедегі статистикалық мәліметтер арқылы талдау жасауға болады.

## Аграрная политика: механизм реализации

Кестеде ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрамына кіретін, азық-түлік өнімдеріне талдау жасалған. Ондағы келтірілген өнімдері түрлерінің басым бөлігі бойынша, импорт көлемінің экспорт көлеміне қарағанда әлдеқайда жоғары екендігін көреміз. Қазақстан

Республикасы бойынша ең көп тұтынылатын азық-түлік өнімдерінің 14 түрі бойынша, олардың өндірілу көлемі мен оны тұтыну мөлшері арасындағы баланс, тұтынуғағы экспорт және импорттық өнімдердің үлесі қарастырылған (1 кесте).

Кесте 1 – 2015 ж. азық-түлік өнімдері өнеркәсібінің жекелеген түрлерін өндіру және оны тұрғындарының пайдалану көлемі, мың тонна

Өнім түрлері	Өндіру	Импорт	Экспорт	Тұтыну	Тұтынуғағы экспорттық өнімдердің үлесі, %	Тұтынуғағы импорттық өнімдердің үлесі, %
Ұн	3462,3	9,6	1809,4	1662,5	2 еседен астам	0,6
Ет және құс еті, тағамдық қосымша өнімдері	930,3	186,0	11,6	1104,7	84,2	16,8
Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер	832,1	85,6	6,7	910,9	91,3	9,4
Сүт өнімдері (жаңа піскен сүт қоспағанда)	728,5	155,2	17,0	866,6	84,1	17,9
Қант	262,0	185,3	0,6	446,7	58,7	41,5
Өсімдік майы	283,2	160,6	44,0	399,8	70,8	40,2
Жемістер мен көкөністер	168,5	34,2	1,5	201,1	83,8	17,0
Күрішті қосақандағы жарма өнімдері	211,4	32,8	66,5	177,7	119,0	18,5
Ас тұзы	162,3	21,6	15,0	168,8	96,2	12,8
Макарондар, кеспелер, кускус және ұннан жасалған ұқсас өнімдер	145,6	30,0	15,2	160,4	90,8	18,7
Өңделген және консервіленген балық шаян тәрізділер және жұмсақ денелер	33,7	47,4	19,1	61,9	54,3	76,5
Өңделген және консервіленген жемістер мен жаңғақтар	1,9	158,6	14,9	145,5	1,3	109,0
Шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	77,6	91,0	25,8	142,9	54,3	63,7
Кофе және шай	19,9	35,9	2,7	53,2	37,4	67,6
<i>Ескерту.</i> Автормен [ 6 қараңыз, 7] дерек көздері мәліметтері пайдаланылды						

1-кестеде келтірілген мәліметтер нәтижесінде еліміздегі тұтынудың үздіктеріне кіретін азық-түлік өнімдерінің қандай түрін отандық өнім өндірушілері қамтамасыз ете алады, қай өнім түрлері тапшы және ол қаншалықты деңгейде деген сұрақтардың жауабын көре аламыз.

Қазақстан Республикасындағы азық-түлік өнімдерінің 14 түрі бойынша өндіру және оларды пайдалану көлемі келтірілген. 2015 жылғы ҚР-ның тамақ өнеркәсібінің мәлімет-терін негізге алатын болсақ, келтірілген 14 өнімнің ішінде ішкі тұтынуды толық қамта-масыз ететін өнімдерге ұн (3462,3 мың т) және күрішті қосқандағы жарма өнімдерін (211,4 мың т) жатқызуға болады. Осыған сәй-кес, Қазақстан Республикасы ұн өндіруді ерекше жақсы жолға қойған. Бұл өнім түрі ішкі нарықты ғана қамтамасыз етіп қоймай,

Қазақстандағы азық-түлік өнімдерінің ішінде экспорттық үлесі ең жоғары бір ғана өнім деп айтуға толық негіз бар.

Қалған өнім түрлері бойынша импорттық өнімдер үлесінің басым екендігін байқаймыз. 2015 жылы ет және құс етінен жасалған тағамдық қосымша өнімдердің тұтыну көлемі 1104,7 мың тоннаны құрады, ал жалпы бұл өнімді өндірудің көлемі 930,3 мың тонна. Қарастырылып отырған өнімнің 174,4 мың тонна жетіспеушілігін толықтыру АҚШ (2015 жылы ет импортының 46%) және ТМД мемлекеттерінен (2015 жылы жалпы ет импортының 37%) импорттау арқылы қамтамасыз етілді. Ал профицит негізінен Ресей мемлекетіне экспортталып отырды (жалпы ет экспортының 90% құрады).

Өңделген және консервіленген балық, шаян тәрізді жұмсақ денелер Қазақстан үшін


## Аграрная политика: механизм реализации

өндірістің тиіптік түрі болмағандықтан, бұл азық-түлік өнімдерін тұтыну өндіріс көлеміне қарағанда 2 есеге дейін жоғары болып табылады. Қазақстан Республикасында өңделген және консервіленген жемістер мен жаңғақтар ішкі тұтыну көлемінің не бары 1,3% ғана қамтиды. Өңделген және консервіленген жемістер мен жаңғақтар Қазақстанға көбінесе Өзбекстан, Тәжікстан және басқа да ТМД мемлекеттерінен әкелінеді. Ең қызығы бұл өнімдерді экспорттаудың көлемі өндіріс көлеміне қарағанда 8 есеге дейін жоғары. Қазақстанға келетін шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитерлік өнімдер ТМД мемлекеттерінен импортталады. 2015 жылдың аяғындағы мәлімет бойынша бұл өнім түрінің импорттық көлемі 30,6 мың тонна мөлшерінде немесе 55,6 млн. АҚШ долларын (12,3 млрд. теңге) құрады.

Қазақстан Республикасындағы қантты тұтыну көлемі өндіріс көлеміне қарағанда 2 есеге дейін жоғары. Импортталатын қант құрағының басым бөлігі Бразилиядан және ТМД мемлекеттерінен әкелінеді. 2015 жылғы мәлімет бойынша жалпы импортталған қант құрағының 39%-ы Бразилиядан, 34%-ы ТМД мемлекеттерінен әкелінген. Ас тұзын өндіру көлемі тұтыну көлеміне сәйкес деп есептейміз, себебі, тұздың жеткіліксіздігі тек 6,5 мың тоннаны құрайды. Сүт өнімдері мен нантоқаш және кондитерлік өнімдерді тұтыну өндіріс көлеміне қарағанда сәл артық. Бұл өнім түрлерімен отандық өндірушілердің

қамтамасыз ете алмау көлемі сәйкесінше 138,1 мың тонна және 78,9 мың тоннаны құрайды. 2015 жылы сүт өнімдерінің импорты 155.2 мың тоннаны құрады. Негізінен бұл өнімдер Ресей және Беларусь сонымен қатар, ТМД мемлекеттерінен импортталады. Нантоқаш және кондитерлік өнімдерінің импорты 85,6 мың тоннаны құрады, негізгі импорттаушы елдер ТМД мемлекеттері. Келтірілген талдау мәліметтері ұлттық экономикамыздың дамуы үшін, азық-түлік өнімдері нарығын дамытудың жүйелі тәсілін қолданудың аса қажет екендігін көрсетеді.

Үшінші мәселе, ауылдық елді-мекендердегі жұмыс орындары санының жылдан-жылға азаюы, ондағы әлеуметтік инфрақұрылымдардың ескіруі т.б. себебінен соңғы жылдарда (2010-2016 жж.) ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамтылған адамдар үлесі сәйкес кезеңдерге 27,3%-дан 16,7%-ға төмендеген. Сонымен қатар, эконо-номикалық белсенді жастар, оның ішінде жас мамандардың жалпы қалаға тұрақтануы, ауыл шаруашылығы саласы бойынша білім алған жас мамандардың басым бөлігінің өз мамандығы бойынша жұмыспен қамтылмауы байқалып отыр. Экономикалық қызмет түрлерінің басқа салалармен салыстырғанда ауыл шаруашылығы мамандарының орташа айлық жалақысының ең төменгі орында (2017 жылдың 2 тоқсаны бойынша 88277 теңге) болуы келтірілген статистикалық мәліметтерді нақтылайды (2 сурет) [8].



Ескерту: ҚР ҰЭМ статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Сурет 2 – ҚР еңбек нарығының жағдайы мен ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыспен қамтылған адамдар үлесі, %

2015 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша республика халқының 43,3% ауылдық елді-мекендерде орналасқан, 2010 ж. бұл

көрсеткіш 45,5% құраған. Келтірілген деректер соңғы жылдарда ауыл тұрғындарының азайып отырғанын көрсетеді. Дегенмен, Қазақстанда

ауыл шаруашылығы саласы жалпы халықтың негізгі тіршілік аясы болып қала бермек. Себебі, бұл сала республика халқын жұмыспен қамтудағы ең ірі сала болып табылады.

2-суретте көрсетілгендей, 2016 жылы жалпы экономикалық белсенді халықтың 17% тек осы ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылған. Экономикалық белсенді халықтың ішіндегі жұмыспен қамтылғандардың үлесі соңғы жылдарда бірқалыпты тұрақты болып, 95% құраған. Бірақ, ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2016 жылы 2010 жылмен салыстығанда 11%дейін төмендеген. Бұл жағдайлар біз жоғарыда айтып өткендей, экономикалық бел-сенді халықтың қалаға ағылуын көрсетеді.

Аталған проблемаларға байланысты, Қазақстан Республикасы үшін ауыл шаруашылығы секторын басқару тетіктерін жетілдіруді жүйелі түрде қолға алу, басқарудың дәстүрлі әдістерін заманауи талаптарға сәйкес өзгерту мен бейімдеу қажет. Осындай әдіс-тердің бірі ретінде агрологистикалық орта-лықтарды атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасында логистика саласы теміржол тасымалы және жол құрылысын салуда кеңінен зерттелген. Бірақ, агрологистика бойынша жүргізілген зерттеу-лер өте аз. Отандық ғалым К. Мұханбет-Шәріп АӨК-і логистикалық мәселелерге тоқталып, ондағы мамандар тапшылығын және тауар-ларды нарыққа жылжытуда АӨК-гі логисти-каның маңызды екендігін көрсетеді [3 қа-раңыз]. Сондықтан, агрологистика халықты сапалы өрі тиімді бағадағы азық-түлік өнім-дерімен қамтамасыз етуде, ауыл шаруашы-лығы шикізаттары мен өнімдерін тұтыну, айырбастау және бөлу мен орналастыруда маңызды қызметтерді атқарады.

Агрологистикалық орталықтар жұмысын жетілдірудің қажеттілігі төменде көрсетілген мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселелер-мен тікелей байланысты:

◆ Қазақстандағы азық-түлік өнімдері нарығының қауіпсіздігі үшін импорттық өнімдерді отандық өнімдермен алмастыру;

◆ ішкі сұраныстан артылған өнімдерді экспорттау және оның көлемін ұлғайту;

◆ экономикалық белсенді топтар мен ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту мақсатында еліміздің қажетті аймақтарында аграрлық логистикалық орталықтарды құру;

◆ көтерме-логистикалық орталықтарды немесе тұтыну тауары логистикасын заманауи талаптарға сәйкес нығайту;

◆ ауыл шаруашылығын әртараптандыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Келтірілген мәліметтерден Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін мемлекеттік органдардың қолдауы аса қажет екендігін көруге болады. Жергілікті атқарушы органдар, ауыл тұрғындарымен бірлесе оты-

рып, еліміздегі ауылшаруашылық нарығының қазіргі заманғы инфрақұрылымын дамытуды жүйелі түрде қолға алу керек. Сонымен қатар, қосымша жұмыс орындарын құру; ауыл шаруашылығының шағын және орта бизнесіне қолдау көрсету, өткізу нарықтарын іздестіру, баға қалыптастыру; ауыл шаруашылығын басқаруда халықаралық үздік тәжірибені енгізу т.б. маңызды тетіктерді қолдану, оны белсенділікпен жүзеге асыруы тиіс. Осы мақсатта мемлекет тарапынан да белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Өлемдік деңгейдегі экономикалық тұрақсыздық жағдайында, Қазақстан Республикасы экономикалық дамуды тұрақты сақтап қалу үшін, ел дамуының негізгі басымдықтарын қайтадан қарау кезеңіне бет бұрды. Осыған орай, жаһандану заңдылықтарына сәйкес, аграрлық сектордың дамуына баса назар аударылуда. Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған тың шаралардың бірі «2017-2021 жылдарға арналған отандық агроөнеркәсіп кешенін дамыту» бағдарламасы. Бұл бағдарлама аясында алдағы бес жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу негізгі әртараптандыру көзі мен экономикалық өсімінің ең негізгі күшіне және жетекші локомотивіне айналатындығы көрсетілген.

Бағдарламаның негізгі мақсаты ретінде келесілерді атап өтуге болады:

– қосалқы шаруашылық пен ұсақ шаруа, фермерлік қожалықтарды өндірістің өсу фак-торымен қатар ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін ескере отырып, ауқымды түрде ко-операцияларды дамыту;

– ауыл шаруашылығы кооперациялары арқылы Қазақстан ішкі нарықта өзінің табиғи және құнарлы өнімдерімен ерекшелену;

– кооперацияларға бірігу арқылы Қазақстан халқының жартысын құрайтын ауыл тұрғындарының табыс деңгейін арттыру;

– табысты фермерлердің санын арттыру, сол арқылы нарыққа қажетті бәсекеге қабілетті АӨК өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ету болады;

– ауыл халқын жұмыспен қамти отырып, олардың табыс деңгейін арттыру;

– «шығарылған өнімді сатуға емес, сұранысқа ие өнімді өндіру» қағидасын ұстану.

Аталған мақсаттардың жүзеге асуы нақты тетіктерді қажет етеді. Сондықтан, ең алдымен талдау мәліметтерінде келтірілген, ауылдық елді мекендердегі кезек күттірмейтін өткір мәселелерді оңтайландыру маңызды. Олар жоғарыда атап өткендей: ЖІӨ-гі ауыл шаруашылығы саласы үлесінің төмен болуы; азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін сақтау; экономикалық белсенді тұлғаларды ауылдық елді мекендерге тарту т.б.

Қалыптасып отырған күрделі мәселелерді шешудің кешенді тетігі ретінде агрологистикалық орталықтар құру. Агрологистикалық орталықтарды құру - отандық фермерлер үшін



